ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2025 жылғы 14 сәуір №7119-25-00-2/3104 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – ҚРҚМ) «23366 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекесесі (бұдан әрі – РММ)

ЖАУАПКЕР:

"Azi Lux" жеке кәсіпкері (бұдан әрі – ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ::

1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

ҚР ҚМ «23366 әскери бөлімі» РММ мен «Azi Lux» ЖК арасында жалпы сомасы 8 849,70 теңге 2025 жылғы 08 қаңтардағы №26 шарт жасалды, Кеңселік пышақ жеткізу үшін.

Шарт бойынша тауарларды жеткізу мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн болып белгіленді.

Шартты тіркеу туралы хабарламаға сәйкес, шарт 2025 жылғы 09 қаңтарда тіркелген, осылайша, тауарларды 2025 жылғы 08 ақпанға дейінгі жеткізу қажет.

Алайда, тауар белгіленген мерзімде жеткізілмеген, нәтижесінде шарт 2025 жылғы 04 наурызда біржақты тәртіппен бұзылды, жеткізуші бұл әрекеттерге белгіленген тәртіппен шағымданбады.

Тапсырыс беруші 2025 жылдың 11 наурызда сотқа жауапкердің өз міндеттемелерін орындамағанын хабарлай отырып, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызбен жүгінді.

Іс қозғалған кезде жауапкер қозғалған іс туралы талап арыздың және сот ұйғарымының көшірмесімен тиісті түрде Сот кабинет арқылы хабардар

етілді (2025 жылғы 19 наурызда сағат 13.30-да алынды), алайда белгіленген мерзімде жазбаша қарсылықтарын жолдаған жоқ.

ҚР АПК 267-3 бабының 5 тармағына сай, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Істі қарау барысында өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындалмағаны анықталды, істі қараған күні шарттың орындалғаны туралы мәлімет жоқ.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Осылайша, мереке және демалыс күндерін ескере отырып, талап қоюы уақытылы берілді, сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, жауапкер келісім-шарттын біржақты тәртіппен бұзу әрекеттеріне шағымданбады, бұл оның кінәсін

Документ подписан: Нурланов Б. К., 14.04.2025

Дата вступления в законную силу: 22.05.2025, судья Нурланов Б. К., 23.05.2025

мойындағанын және тапсырыс берушінің әрекетінің заңдылығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандыруға жатады.

2 талабы бойынша

Заңының 17-бабының 9 тармағының 2 тармақшысына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші: мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіның (әрі қарай-АК) 293 бабына сәйкес, борышкер міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Келісім-шарттардың 7.3-тармағына сәйкес, тұрақсыздық айыбы жалпы сомасы 212,40 теңгені құраған.

Есеп сотпен тексерілді және дұрыс деп танылды, айыппұл мөлшерін азайту ұшін ҚР АК-нің 297 бабының ережелерін қолданудың заңды негіздерін таппады, сотқа жауапкеріның тұрақсыздық айыбын өз еркімен төлегені туралы ақпарат ұсынылмаған.

ҚР АПК 109 және 117 бабының 1 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Документ подписан: Нурланов Б. К., 14.04.2025

Дата вступления в законную силу: 22.05.2025, судья Нурланов Б. К., 23.05.2025

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "23366 әскери бөлімі" РММ жауапкер «Azi Lux» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Azi Lux» ЖК ЖСН 790415401251 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Azi Lux» ЖК ЖСН 790415401251 мемлекет пайдасына 212 (екі жүз он екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 972 (бір мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Нурланов Б. К., 14.04.2025

Дата вступления в законную силу: 22.05.2025, судья Нурланов Б. К., 23.05.2025

7119-25-3-1/2775